

# АҚТОҒАЙ АЖАРЫ

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№46 (7883)

Жұма

18 қараша  
2022 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан  
shygady

@ aktogai\_red@mail.ru

f www.facebook.com/a.ajary.kz

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

20 қараша  
ноября 2022

ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ВАЖЕН ГОЛОС КАЖДОГО!

## Құрметті ауыл шаруашылығы саласының қызметкерлері!

Сіздерді жыл сайын аталып өтілетін кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймыз! Ауданымыз үшін тарихтан белгілі жайт, халқымыз ежелден ауыл шаруашылығымен айналысып, сайын далада төрт түлігін өргізіп, жерден өнім алуды өмір өзегіне айналдыра білген. Яғни, ауыл еңбеккерлерінің адал еңбегі, маңдай терімен өндірілген өнім барынша жұрттың ортақ нәпақасы іспеттес.

Ел экономикасын көтеріп, әлеуетті мемлекет құру мақсатында ауыл шаруашылығын серпінді дамыту, отандық өнімнің бәсекеге қабілетті болуы ерекше назарға алынған. Еліміздің алдағы жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаларында бос жатқан жер телімдерін дұрыс пайдаланып, мал тұқымдарын асылдандырып, өнім сапасын одан әрі арттыру көзделген. Біздің ауданда осы бағытта бірталай жұмыстар атқарылып, қазіргі таңда нәтижесін беріп жатыр. 2022 жылдың қаңтар-қыркүйек айларына ауыл шаруашылығында жалпы өнім көлемі 20 282,9 млн теңгені құрады, мал шаруашылығы – 12 127,1 млн теңге, өсімдік шаруашылығы – 8 153,7 млн теңге. Нақты көлем индексі өткен жылға тиісті кезеңмен салыстырғанда, 104, 5% пайызды құрайды.

Жалпы, бұл мереке қызметкерлері азық-түлік өнеркәсібінде жұмыс жасайтын, ауданымыздың азық-түліктік қауіпсіздігін және ауыл шаруашылығымен қамтамасыз етуге талмай үлес қосып жүрген жандардың еңбегінің жемісі деп білеміз. Халықтың әл-ауқаты мен өмір сапасының жақсы болуы ауыл шаруашылығының дамуымен тығыз байланысты. «Елдігімізді еселеп, мемлекеттігімізді нығайтқан осы жылдардың ішінде ауыл шаруашылығы саласы мемлекеттік қолдаудың арқасында жаңа деңгейге көтеріліп, ел экономикасын дамыту мен ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттырудағы жетекші күшке айналды.

Осындай жетістіктерге жетуімізге атсалысып, тер төккен баршаңыздың еңбектеріңізге және өз істеріңізге адалдықтыңыз, туған жерге деген сүйіспеншіліктеріңіз үшін алғыс айтамыз.

Осы мерейлі мереке күні сіздерге дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз. Қамбаларыңыз жыл сайын астыққа толып, шаңырақтарыңыз шаттыққа бөлек берсін! Тәуелсіздігімізді баянды етіп, қуатты ел құру жолында бірлесіп атқаратын іс-қимылда қажымас қайрат, толайым табыстар тілейміз.

Аудан әкімі  
С.Әбеуова

Мәслихат хатшысы  
Р.Әбеуов

## Рухани жаңғыру

# Тұңғырлы тұлғаның бюсті бой көтерді

Аудан орталығының іргесінде қоныстанған Шабанбай би ауылында тағы бір тағылымды іс орын алды. Би атындағы ауылда заманының заңғар тұлғасы, көрнекті қоғам қайраткері, «шапай жүйрік, сөйлемей шешен» болған Шабанбай би Қалқаманұлына арналған ескерткіштің ашылу салтанаты болып өтті.



Бұл – баба атындағы ауылдағы осымен үшінші тұңғырлы тұлғаға қойылып жатқан ескерткіш. Бұған дейін әр жылдары Алаш қайраткерлері – Ө.Ермеков пен Ө.Бөкейханның бюсті бой көтерген болатын. Шабанбай би ескерткішінің авторы – белгілі суретші, мүсінші Бейбіт Мұстафин. Суретшісі әрі ескерткішті орнатуға басынан соңына дейін тік тұрып қызмет еткен – Ислам Кенжеханов. Бюст мыстан құйылған. Тастұғырмен қоса есептегенде – 4,4 метр. Ескерткіштің оң және сол жақ қанатында Жидебай батырдың биге берген бағасы мен Шабекеннің Жанқұтты биге берген батасы жазылған. Ескерткішке жағалай қоршаулар орнатылып, тас табандар төселген. Болашақта бюст бой көтерген аумақ үлкен саябаққа айналмақ.

шараға мұрындық болған барша азаматтарға алғысымды білдіргім келеді, – деді Ақтоғай ауданының әкімі Салтанат Әбеуова.

Өңір басшысынан кейін Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Нілдібаев, Қарағанды облысының Құрметті азаматы Сағадат Дүйсебеков, Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы Қайырбек Сәдуақасов және Шабанбай би ұрпақтары қауымдастығының президенті Ғабиден Есембеков пен би мүсінін орнатуға бастама көтерген ауылдағы мектептің 1982 жылғы түлектерінің өкілі Серікхан Құлатаев көпшілік алдына шығып, өздерінің жылы лебіздерін білдірді. Осы орайда айта кету

(Жалғасы 3-бетте).

## «АҚТОҒАЙ АЖАРЫ»

Құрметті оқырман!

Аудандық «Ақтоғай ажары» газетіне 2023 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке «Қазпошта» аудандық, ауылдық бөлімшелері арқылы жазылуда болады.

Жеке жазылушылар үшін индексі – 65031, 6 айға 1500 теңге, 1 жылға 3000 теңге.

Мекеме, ұжымдар үшін индексі – 15031, 6 айға 2000 теңге, 1 жылға 4000 теңге.

Аудан өмірінің айнасы, төл газетіңізбен алдағы уақыттарда да бірге болыңыз, ағайып!

Біздің мекен-жайымыз: Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, 1 А.

Анықтама телефондары: 2-18-81, 2-15-39. E-mail: aktogai\_red@mail.ru



Президент тапсырмасын орындай отырып...

# Төртінші тоқсан түйінделді

Президент перменіне сәйкес еліміздің барлық деңгейдегі әкімдері халық алдындағы тоқсандық есептік кездесулерді жалғастыруда. Өңір басшысы С.Әбеуова екі аптаның жүзінде ауданымызға қарасты ауылдық округтерді аралап, қара-

ақтоғайлықтар қатысты. Шара барысында С.Мірәсілқызы 9 ай көлемінде ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық даму барысын талдап, инфрақұрылым, ауыл шаруашылығы, әлеуметтік сала бойынша атқарылған жү-

А.Тасболатованың «Сана би көпесіндегі жаңа үйдің құжаттары өз атымызға қапана рәсімделді?» деген сауалына С.Мірәсілқызы «Сана би көпесіндегі үйлердің актілері уақытында жасалмағандықтан, құжаттар толық болмай, тиісті мекемелерге тіркеле алмай отыр. Үйлердің құжаттары сотқа жол-

пынан аудан әкімінің алдына көлденең қойылған болатын. Өңір басшысы аталған сауалдың барлығына жеке-жеке тоқталып, проблемалардың шешу жолдарын жиынға қатысушыларға жан-жақты түсіндіріп берді. Сондай-ақ, осы жолғы шара барысында ақтоғайлық ағайын



шаның 11-і күні Ақтоғай ауылының тұрғындарымен жүздесіп, IV тоқсандық есепті түйіндеді. Есептік кездесуге аудан әкімінің орынбасарлары, аудандық мекеме, бөлім басшылары мен

мыстарды мәлімдеді. Келесі кезекте бұған дейінгі тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелер бойынша қазіргі уақытта қандай жұмыстар атқарылып жатқанын баяндады. Мәселен, ауыл тұрғыны

данған. Сот шешімі пыққаннан кейін аудандық құрылыс бөлімі тарапынан аудандық ТҮКШ АЖ ТҮИ бөліміне өткізіледі» деген жауап қайырды. Бұдан басқа А.Боқанов «Тарихи ескерткіштердің, кесенелердің, қорымдардың маңайына жүргізілетін жөндеу жұмыстары бақылауға алынса», Ұ.Алиева «Тау-кен өндірісі бағытында ашылатын кен орындарының қоршаған ортаға зияны жоқ па және тасымалдаған уақытта автокөлік жолдарының сапасы бұзылмай ма?», «Ж.Ақбай көпесіндегі су тасқынынан қирап қалған тұрғын үйдің орны тазартылса», «У.Жәнібеков көпесіндегі көше шамдары жиі істен шығады, жөндеу жұмыстары жүргізілген кезде тұрғындарға алдын ала ескертілмейді» деген сұраныстар мен шағымдар тұрғындар тара-

көкейінде жүрген сұрақтары мен ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Көтерілген мәселелер бойынша тиісті сала басшылары жауап қайырып, мәселенің күрмеуін шешудің жолдарын нұсқады. Е.Айтжан



Халық үніне құлақ асатын мемлекет

## Қоғамдық кеңес қадағалауды күшейтті

Өткен жұмада бір қауым аудандық кеңес мүшелері Ақтоғай ауылында біршама дау туғызған көріз жүйесінің жұмыс барысымен және жуырда ғана тұрғын үй алдына төселген тас жолдың сапасын тексеріп қайтты.

Ашықтық пен әділдік – ұлт болып ұйысқан «Жаңа Қазақстан» идеясының басты ұстанымы. Сондықтан да, елімізде жүргізіліп жатқан жұмыстың барлығы боямасыз, бүркеусіз, ашық түрде жүзеге асуы тиіс. Билік бұқараның басынасына құлақ түріп, қараша халық өз ойын, ұстанымын еркін жеткізе алса ғана «Әділетті Қазақстанның» іргесі бекем болмақ.

Ал, біздегі Қоғамдық кеңестің негізгі міндеті – билік пен халықтың арасына алтын көпір орнату. Қоғамдық кеңес – ел ішіндегі түрлі саладағы мәселелерді талқылау алаңы, халықтың мұң-мұқтажын тікелей билік өкілдеріне жеткізуші механизм.

Осындай жауапкершілік жүгін арқалаған аудандық кеңес қарашаның 9-ы күні Ақтоғай ауылы әкімі Қ.Болғанбаевпен бірге бірнеше жұмыс нысандарын аралады. Аталмыш топ әуелгі кезекте К.Байсейітова көпесіне аялдады. Сол арадағы екі қабатты үйдің алдына салынған тас жолдың сапасына көз жүгіртіп, асфальт жиегіне тігінен орналасуы тиіс тас жиектердің көлденең қойылғанын сынға алды. Бұл жөнінде ауыл әкімі Қ.Нығметоллаұлы сол арада толыққанды



жауап қайырды. Келесі кезекте қоғамдық ұйым ауданымыздағы ең ірі жоба – көріз жүйесіне қарай ойысып, К.Байсейітова көпесінің бойына орнатылған көріз құдықтарын аралап, көңілге күпті болған түйткілдер бойынша осынау іргелі жұмыстың техникалық қадағалаушысын сұрақтың астына алды. «Мәселен, күні ертең құрылыс жұмыстары аяқталып, тұрғындар игілігіне берілгеннен кейін алда-жалда электр тоғы сөне қалса, сорғы қалай жұмыс жасайды? Көріз құдығын бірінің үстіне бірін орнатқан кезде арнайы бетон дұрыс құйылмаған» деген мәселелерді жұмысқа жауапты тұлғалардың алдына көлденең қойды.

– Қолға алған көріз құдықтарын орнату жұмыстары әлі өз мәресіне жеткен жоқ. Бірінің үстіне бірі қабат орналасқан құдықтардың жігінен

су өтіп кетпес үшін арнайы бетон құятын боламыз. Сондай-ақ, құдық сыртынан арнайы изоляторлы таспа тартамыз. Десе де, қажетті құрылыс материалдары әлі толық жеткізілмей отыр. Сол себепті жұмыс баяу жүріп жатыр. Биылғы жұмыс кестесіне тек көріз құдықтарын орнатып, құбырлар тарту ғана енгізілді, – деді көріз жүйесінің құрылысына жауапты қосалқы мердігер.

«Біткен іске сыншы көптің» кері болмас үшін кеңес мүшелері «Жосалы» ауылындағы жаңа қазылып, енді орнатылып жатқан үр жаңа көріз құдықтарының орналасуын қадағалады. Сол арада ұйым өкілдері мердігерден және техникалық қадағалаушыдан қандай жоба негізінде жұмыс жасап жатқанын сұрап, жобаны қағаз түрінде көрсетуді талап етті. Алайда, жұмысқа жауапты қос тұлға да дәл сол уақытта қолдарында жобаның жоқ екенін, бірақ кеңселерінен өкеліп көрсете алатынын айтып, жан-дәрмен болды.

Алқалы топ Жосалыдағы көріз жүйесінің жұмысын қадағалап жүргенде, сол араның тұрғыны келіп, құбыр тарту үшін қазып жатқан жерден дымданып су шығып жатқанын айтып шағымданды. Қоғамдық кеңес мүшелерінің сөзіне қарағанда, осынау «жобаның» төңірегінде түйіні толық тарқамаған түйткіл бар. Алдағы уақытта осы мәселе қайта қаралып, оңтайлы шешім қабылданса, нұр үстіне нұр болар еді.

Е.Мұстафин



Рухани жаңғыру

# Ел іші-өнер кеніші

Қарағанды қаласындағы Кеншілер мәдениет сарайында облыстың аудандары мен қалалары арасында өткен «Сарыарқа әуендері» халық шығармашылығы аймақтық байқауы қорытындыланып, марапаттау рәсімі болып өтті.

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйытқы болуымен өткен байқау қазақ халқының мәдени мұрасын насихаттап, жаңа таланттарды танып, көркемөнерпаздар ұжымдарының орындаушылық шебер-

аудандық «Ардагерлер» ансамблі, өнер мектебі мен мәдени-бос уақыт өткізу орталығының өнерпаздары ән-жырдан шашу шашса, Нүркен, Ақжарық ауылы, Ә.Бөкейхан мектебі және ауданның археологиялық-этнографиялық мұражайы қазақ қолөнерлер бұйымдарынан көрме ұсынды. Күні кеше кеншілер шаһарында түйінделген өнер додасында Ақтоғай ауданы өнерпаздары II дәрежелі дипломмен марапатталды.

— Бұл концерт — жылдық жоспарымыздың



лігін арттырып, репертуары мен сахна киімін жаңартуға бағытталған.

«Ел іші — өнер кеніші» демекші, байқаудың қазылар алқасы жыл ішінде аймаққа қарасты әр өңірде болып, ел-жер тарихымен танысып, ауыл ағайынының өнеріне сусындап қайтқан болатын. Міне, күні кеше, яғни, қараша айының 13-і күні ұлттық құндылықты ұлықтаған шара облыс орталығында қорытындыланды.

Аймақтық өнер бөйгесіне қатысқан Ақтоғай ауданының қазақы салт-дәстүрді дәріптеген «Ауыл тойы» сахналық қойылымы жиналған жұртшылыққа рухани әсем кеш сыйлады. Мұнда

қорытындысы. Ақтоғай ауданы — өнерімен өрістеген өлке. Қазір аудандық мәдени-сауықтыру орталығында 19 мәдени ошақ жұмыс істеп тұр. Осының бәрі жыл бойы өнер көрсетті. Солардың ішінде үздігін таңдалық. Әрине, өнерпаздардың бәрі бірінен-бірі өтеді. Оларды бірін-бірінен бөле-жарып қарау мүмкін емес. Бізді II орынға лайық деп тану — жылдар бойы төккен тердің, еңбектің бағаланғаны деп білеміз, — деді аудандық мәдени-сауықтыру орталығының көркемдік жетекшісі Фибрат Қожамбаев.

Өз тілшімізден.

# Тұңғырлы тұлғаның бюеті бой көтерді

(Соңы. Басы 1-бетте).

керек, қабырғалы қаламгер, парасатты публицист-ақын, баба ұрпағы Қайырбек Сәдуақасов Шабанбай бидің кескін-келбетін алғаш қағаз бетіне түсірген жан. Ғылыми еңбектер мен әдеби айналымға енген Шабанбай бидің суреті және күні кеше бой

туған жердің бойына қан жүгіртіп жатқан жайы бар. Әр жылғы түлектердің ұжым бірлігінің арқасында алақандай ауылымызда саябақтар салынып, балаларға арналған ойын алаңқайлары пайда болды. Бұған дейін Әлихан Бөкейханның, Әлімхан Ермековтің ескерткіші тұрғызылған болатын. Бүгін



көтерген бюет те сол Қайырбек ағамыздың еңбегінің жемісі.

Баба ескерткішінің ашылу рәсімінен кейін ауылдық клуб үйінде есімі мұқым елге мәшһүр, талай халықаралық, республикалық байқаулардың жүлдегерлері — «Тоқырауын толқыны» халықтық ән-би ансамблі ән-жырдан шашу шашты.

Сонымен қатар, «Дастан» дәмханасында ас беріліп, баба рухына Құран бағышталды. Сол арада ұйымдастыру алқасының атынан алыстан ат арытып келген қонақтар мен зиялы қауым өкілдеріне, осынау үлкен іске бел буынып, білек сыбана кіріскен барша ағайынның иығына шапан жауып, Алғыс хат табыс етілді.

— Шабанбай би ауылында кейінгі жылдары жақсы үрдіс қалыптасты. Осы арадағы білім ошағынан түлеп ұшып, бүгінде еліміздің әр өңірінде түрлі саланың тізгінін ұстап отырған азаматтар әр жыл сайын өзара ақылдаса келе, ауылдың ажарын ашатын түрлі бастамаларға ұйытқы болып,

1982 жылғы мектеп түлектерінің ұйытқы болуымен, баба ұрпақтарының табанды еңбегінің нәтижесінде тағы бір текті тұлғамыздың бюеті мен мұңдалап тұр. Осынау ілкімді іске атсалысқан барша ағайынға, демеу білдірген басшылыққа айтар алғысымыз шексіз, — деді айтулы ақын, «Сарыарқаның Сарығөңтегі» атанған Қуаныш Мақсұтов.

Сондай-ақ, ауылдағы балдырғандардың бұғынып жатқан дарынын ашып, өнерге ынталандыру мақсатында «Балдәурен-2» балалар байқауы өтті. Ән додасына ауылдағы 7-12 жас аралығындағы жас өрендер қатысты. Бүлдіршіндердің өнерін тамашалауға келген халықтың қарасы қалың болды. Бас-аяғы 12 өнерпаз қатысқан байқауда жүлделі I орынды Нұрланұлы Асылжан еншіледі. II орынға Мақсатқызы Жұлдызай ие болса, Айдаржанқызы Балғынға III орын бұйырды. Барша қатысушылар Алғыс хаттармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Е.АЙТЖАН.

Тіл тағдыры — ұлт ғұмыры

# Көрнекі ақпараттар мен жарнамалардағы тіл заңдылығы



«Адамның адамдық, ұлттың ең жоғарғы қасиеті — тіл өткірлігі мойымасын, тіл сұлулығы кемімесін!» — деп қазақтың ұлы тұлғасы, жанашыры Ғабиден Мұстафин айтқандай, ана тіліміздің мәртебесін, тазалығын сақтау —

міндетіміз!

Қазіргі таңдағы өзекті тақырыптардың бірі — жарнама мен көрнекі ақпараттар. Тұтынушы мен өндіруші арасындағы маңызды дәнекер буын бола отырып, өнім сапасын жетілдіретін маңызды тұтқасы. Жарнама экономикалық нарықтың ғана емес, сонымен қатар, қоғамдық өмірдің де белді бөлшегіне айнала бастаған әлеуметтік құбылыс. «Көрнекі ақпараттың барлық мәтіні мынадай ретпен: мемлекеттік тілде — сол жағына немесе жоғарғы жағына, орыс тілінде оң жағына немесе төменгі жағына орналасады, бірдей өлшемдегі әріптермен жазылады. Қажеттігіне қарай көрнекі ақпараттың мәтіндері қосымша басқа да тілдерге аударылуы мүмкін. Бұл жағдайда қаріп өлшемі нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптардан аспауға тиіс.

Жарнама — тілдің дұрыс қолданылуының оның грамматикалық заңдылығы мен

нормаларын сақтауды қажет етеді. Көрнекі ақпараттың барлық мәтіні мемлекеттік тілде сол жағында, жоғарғы тұсында, орыс тілінде оң жағында төменгі тұсына орналасуы талап етілген. Сыртқы көрнекі ақпараттардың талапқа сай жасалып, дұрыс орналастырылуының сауатты жазылуына басты назарда ұстау қажет. Жарнаманың бөлуі қанық, өзіміздің ұлттық болмысымызды айшықтайтын тәрбие мен насихат құралы ретінде қалыптасқаны жөн. Яғни, жарнама өзіндік көркем ерекшелігімен, мағыналы мәтінімен қоғамнан ұтымды орын алары хақ. Өйткені, тіл мен мәдениет, салт-дәстүр мен тәрбиені түзеткен көрнекі ақпараттар ғана тіл заңдылығының талабынан шыға алады.

Көрнекі ақпараттар мен жарнамалардың сауаттылығын қадағалау, тілін реттеу, жүйелеу, олардың «Тіл туралы» және «Жарнама туралы» ҚР

заңнама талаптарына сай ресімделіп, орналасуы бойынша үгіт-насихат, түсіндіру жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ ауданымыздағы көрнекі ақпараттар мен жарнамалардың жай-күйін анықтау мақсатында аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен тұрақты түрде рейдтер ұйымдастырылып тұрады. Заңның негізгі мақсаты — жөнсіз жарнамаға жол бермеу және оларға тыйым салу болып табылады.

Аталған айлық аясында ауданымызда рейд шаралары ұйымдастырылып, дүкендердің маңдайшаларындағы тақташалар, көше бойындағы жарнамалар біршама тексерілді. Алдағы уақытта көрнекі ақпараттар мен жарнамалардағы тіл нормаларының сақталуын қадағалау мақсатында жұмыстар жалғастырыла беретін болады.

А.Бөгенбаева,  
Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы.



# Еңбегімен елге жакқан Ерекен

«Ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалану мен бөлуде ашықтық пен тиімді механизмді қолдану керек. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді қолдап, олардың өнімдерінің өту мүмкіндігін кеңейту қажет. Ауыл шаруашылығы өндірісін заманауи технологияға көшіру маңызды. Бұл біздің алдағы бес жылдағы жұмысымыздың басымдығы».

**Қасым-Жомарт Тоқаев,  
Қазақстан Республикасының  
Президенті.**

Ілгерідегі қазақ тұрмысы қандай салтанатты болған десеніңіші. Сулы да нулы жерде жағалай қоныстанған бір қауым ел ертелі-кеш бірімен-бірі тонның ішкі бауындай аралас-құралас боп жатады. Таң бозынан тұрып, күнделікті тұрмыс-тіршілікке араласып, иен даланың көркі – төрт түлікті түлігімен өріске беттегіп,

өлкіссасын әріден тарқатып, алыстан орағытып отырғанымыз – кешегі қазақтың тұрмысына талшық болған атакөсіппен айналысып жүрген азамат жайында сөз қозғамақшы едік. Жалпы, қазақ қазақ болғалы арада қанша ғасыр өтсе де, әлі күнге дейін мал шаруашылығынан қол үзбей келеміз. Себебі, бұл көзімізді тырнап ашқалы көріп келе жатқан, ет үйренген кәсіп. Қазақтың тұлпардың тұяғы тозып, сұңқардың қияғы талатын осынау сайын даласын жылқының дүбірінсіз елестету өсте мүмкін емес. Кешегі тоқырау жылдарында ауылда жұмыссыз қалған жұрт «екі қолға бір күрек» іздеп, қалаға қарай жосыла көшті. Соның салдарынан ауылдың іргесі сетінеп, дәл сол уақытта төрт түліктің бағасы кеміп, қадірі қашқан болатын.

Десе де, сол тұста елдің дені қалаға қарай есінеп, «шақшадай басы шарадай боп»



Шөп науқаны



ұзақты күнге тыным таппайды. Жаз жайлауды мекендеп, қар бір жауғанда қыстауға бағыт алған көштің де өзіне тән қызықшылығы болады. Ашы ішектей шұбырып, бірінің соңына бірі ілескен керуан үйір-үйір жылқыны бір бөлшек айдап, табын-табын сиырды жеке қаумалап, бел асып бара жатқаны жарасымды емес пе?! Бүгінгі уақытта өткір тұрған мәселе – жердің тозып кетуі мезгіл-мезгілімен мал жайылымын ауыстырмаудың салдарынан. Біз бабаларымыз салып кеткен соқпақтан шығандап, басқа арнаға түсіп кеттік. Бірақ, біздің айтпағымыз бұл емес. Әңгіме

жүргенде, албырттығын салқын ақылына жеңгізіп, әліптін артын бағып, «тағдыр салды, мен көндім» деп, ауылдан қарыс қадам ұзамай, қарашанырақтың түтінін түтетіп қалған жандар да баршылық. Олар мехнаты көп болса да атакөсіптің шалғайынан ұстап, «екеуін егіз, егізін сегіз» қыла білді. Сондай жанның бірі, шабанбайлық – Ерсін Ұйқасбаев.

Ерекенді Шабанбай бимен іргелес жатқан ауылдағы ағайынның дені таниды. «Ердің малы – елдің малы» дегендей, кейіпкеріміз алдына әлдеқандай шаруамен келген жаннан көмегін аяп қалған емес. Реті

келсе, жәрдемдесуге бейіл тұрады. Оған өзіміз де бірнеше мәрте куә болғанбыз. «Ұлдың күні күн емес – атадан мал қалмаса, ата малы пұл емес – балада ақыл болмаса». Ерсін атадан қалған шағын дәулеттен шашау шығармай, өзінің еселі еңбегінің, Алланың берген күш-қуатының арқасында төскейде төрт түлігін қатар өргізіп отыр. Кейіпкеріміз іргесін қалаған «Атамекен» шаруа қожалығы ауылдық округ орталығы – Шабанбай би ауылының оңтүстік-шығысында қоныстанған. Сол маңайды ауылдары Ерекенмен іргелес есімдері айналадағы ағайынға түгел мәлім Азамат, Қанағат ағаларымыз бен жаны жайсаң Жалғасбай ағамыз жайлап отыр. Қойы қоралас, адамы аралас. Бірімен-бірі қатар қоныстанған үш шаруа қожалығы жетекшілері күні бүгінге дейін әй-шай деспей, тату-тәтті ғұмыр кешіп жатыр. Ерекен негізінен Қамбар ата баласы мен Зенгі баба төліне ден қойып, алдағы уақытта асылдандыру жұмыстарын қолға алуды жоспарлап отыр.

Ерсін Зәрубекұлы 1976 жылы 25 мамырда қазіргі Шабанбай би ауылдық округінде дүниеге келген. Сол арадағы он жылдық мектепті тәмамдағаннан кейін, үйдегі шаруашылықтың бір шалғайынан ұстап, ата-анасына қолғабыс етеді. Осындайда қазақтың тағдыр-талайына біткен үш бәйтеректің бірі – Төле бидің:

«Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» деген аталы сөзі ойға орала береді. Кейіпкеріміз қызылшырайлы, орта бойлы, адам алаламай, кез келген жанмен тіл табысып кете алатын ашық-жарқын адам. Құдай қосқан қосағы Сымбат әпкеміздің де қолынан талай мәрте ас ішіп, төріне шығып қонақ болғанбыз. Жол түсіп күннің қай мезгілінде барсаң да қабак шытып, ренжіп көрген жан емес. Бірінің өкшесін бірі басып өсіп келе жатқан Алланың берген ұлдары бар. Тұңғыштары Арман осыдан екі жыл ілгеріде бас қосып, шаңырақ көтерді. Қазір өз алдына жеке шаңырақ. Өзгесі Қарағанды қаласындағы мектептен білім алып жатқан жайы бар. Аллаға шүкір дейік, осыдан бір жыл бұрын, Ерекеннің көзайымы, жаға жуар қызы дүние есігін ашты. «Адам ұрпағымен мың жасайды» демей ме дана халқымыз?!

«Аға болар жігіттің етек-жені кең келер». Біз осынау мақаламыз арқылы маңайына қол ұшын созып, қараша халықтың қажетін ашып жүрген қарапайым еңбек адамының есімін дәріптеп, өзге көзі-қарақты жанға үлгі ретінде көрсетсек деген ниғылмен қолымызға қалам алдық. «Оң қолың бергенді сол қолың көрмесін» десек те, «жақсының жақсылығын айтып», бір уақ көңіл көкжиегін кеңейткіміз келді.

**Е. Темірхан.**

## Жұртшылықты жарылқаған жәрменке

Қараша айының 12-ші жұлдызында Қарағанды қаласындағы «Глобал Сити» сауда алаңында ауыл шаруашылығы өнімдерінен жәрменке болып өтті. Аймаққа қарасты ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері мен қайта өңдеу кәсіпорындары ала жаздай баптаған өнімін қала тұрғындарына ұсынды. Баға өдеттегі нарықтан төмен әрі өнім түрлері сапалы. Жәрменкенің басты ерекшелігі де осы.

Қала халқын сапалы, арзан өніммен жарылқаған шараға Ақтоғай ауданы да жоғары ұйымшылдықпен атсалысты.

Ауданның ауыл шаруашылығы бөлімі басшысы Н.Жаңабегеновтың айтуынша, бұл күні өнірге қарасты Қызыларай, Кежек, Айыртас, Ақтоғай, Нұрқан, Жидебай, Сарытерек, Қараменде би және Шабанбай би ауылдық округінен «Қасымбек», «Еркебұлан», «Эльдар»,



«Қаһарман», «Қарашілік», «Мағжан», «Бөріғұл», «Бекзат», «Аманкелді» шаруа қожалықтары, жеке кәсіпкерлер «Әбдіразақов», «Амина» 34 ірі қара, 7 жылқы, 7 қой еттерін саудалаған. Сондай-ақ, Торанғалық ауылдық округінен жеке кәсіпкер «Саламат» өкелген 500 келі балық та өз аларманын тапты.

–Жалпы жәрменкеде сиыр еті – 2000 теңге, құс еті – 1000-2700 теңгеден саудаға шығарылды. Халық сұранысына ие болған сары май – 4000 теңге, картоп – 100 теңге, сәбіз бен қырыққабат – 80 теңге. Әлеуметтік маңызы бар өнімдер нарықтағы бағадан 10-15%-ға төмендетілген бағамен сатылып жатқандықтан, қала халқынан сұраныс бар. Әрі бұл халық тұтынатын негізгі тауарлар бағасын ұстап тұруға, яғни бағаны тұрақтандыруға ықпал етеді, – дейді Н.Жаңабегенов.

**Д.Бақыш.**



# Бірлік пен келісім – Қазақстан дамуының негізі

«Бірлігі жарасқан», «Бірлігі бекем», «Бірлік бар жерде – тірлік бар» дейді халық даналығы. Ол – бірлік сөзінің тек жақсылыққа, татулыққа, келісімге шақыратындығын танытса керек. Біздің көпұлтты еліміздің өркендеп, өсіп, озық отыз елдің қатарынан көрінеміз деген ұстанымы да – осы бірліктің арқасы. Бірлік пен келісім – ел дамуының негізі.

Қазақстан – әлемдегі саяси тұрақтылығы бекем елдердің бірі. Біздің елімізде сан ұлттың өкілі татулық пен достықтың буынын бекітіп, әлемдік дамудың көшбасшысы болуға ұмтылып келеді. Осы тұрғыда мемлекеттің бірден-бір алға қойып мақтанар айнасы – этносаралық татулық.

Киелі қазақ шаңырағына уық болып қадалған өзге этнос өкілдері «Қазақстан – достық пен татулықтың шынайы мекені» дегенді ұранға айналдырған. Ұлтаралық татулықты нығайтуға Қазақстанда тұрып жатқан әр ұлттың өкілі келешек ұрпағымыз үшін этносаралық достықтың, конфессияаралық түсіністіктің қаймағы бұзылмауына еңбек етіп, атсалысады. Тұңғыш Президентіміздің елдегі тұрақтылықты сақтаудың алғышарты ретінде бірінші кезекте экономиканы өркендетудің қажеттілігін алға қойған. Сол себепті «Алдымен экономикаға» қағидасын ұстана отырып, экономиканың әр саласында білек сыбана кызмет істеп жүрген барлық этностың басын қосып, Қазақстан халқы Ассамблеясын құруы – өзге халықтарға үлгі-өнеге бола білді. Тек қана этнос пен этностың тату тұруы емес, жалпы қоғамдағы келісім және жалпыұлттық бірлік – басты мақсат. Енді Ассамблеяның статусы бұрынғыдан да көтерілді. Жақында қабылданған заңның тұжырымдамасы осылай. Қазақстан халқы Ассамблеясының міндеті – достықты нығайту ғана емес, оған қоса әр ұлттың тілін, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін сақтап, қоғамдағы тұрақтылықты нығайту бағытында түрлі іс-шаралар өткізу болып табылады. Елбасымыздың толеранттылық ұстанымына сәйкес өзге ұлт өкілдері де қазақ тілін, тарихын, мәдениетін, дәстүрін жете білуі керек. Сонымен қоса олар өз ұлтының құндылықтарын еркін менгеріп өсіп келеді. Қиын-

қыстау заманда қазақ елін паналап, қамқорлығын, жақсылығын, кенпейілділігін, адамгершілігін, қонақжайлылығын көрген өзге этнос өкілдері қазақ халқы жоғары бағалап, құрметтейді. Өзге ұлт өкілдері қоныстанған аймақтарда, сол ұлттың тілінде балабақша, мектеп, көптеген ұйымдар өз міндеттерін атқарады. Өз тілдерінде еркін сөйлеп, өз ойларымен биік шыңдарды бағындырып жүргендері де бар. Бұл – қазақ елінің жомарттығының айқын дәлелі.

Тәуелсіз елімізде, этносаралық татулықтың, достықтың, конфессияаралық бірліктің де берік негізі қаланды. Ендігі біздің мақсатымыз – елдегі тұрақтылықты сақтап, экономикалық өркендеуді дамыта отырып, өз Отанымыздың кемелді келешегі үшін, баянды болашағы үшін адал қызмет ету. Біздің ауданда ұйғыр, орыс тілдерінде мектептер мен балабақшалар, халықтық ансамбль, ұлттық тағамдар өзіндік мейрамханалар бар. Өзге ұлт өкілдерінің өз халқының салт-дәстүрін сақтап, ұлттық киімдерімен мерекелік шараларға қатысуларына ешкім кедергі қойып отырған жоқ. Бұл да – елдегі бірліктің, келісімнің, ортақ ойдың жемісі.

«Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ. Мен барша қазақстандықтарды ұлтаралық және конфессияаралық келісімді одан әрі нығайтуға шақырамын» деген Мемлекет басшысының сөзі жайдан-жай айтыла салған сөз емес, салмақты, сана сілкіткен сөз. Бірлік пен келісімнің арқасында бүгінгідей мамыражай тіршілік кешіп, құда-жекжатты болып, туысқа айналдық. «Тәрбие басы – тал бесік» демекші, отбасындағы, үйдегі аналар, әжелер мектебі осы тұста мықты дінге болуы керек. Баланың санасына ұлттың жаманы болмайтындығын күйіп, түсіндіріп, татулықтың, бірліктің, келісімнің нәтижесі биік шыңдарға шығаратындығын әркез айтып отырған ләзім. Қазақстан дүниежүзіне бейбітшіліктің бастауы, тұрақтылықтың талбесігі, тыныштықтың тұтқасы һәм конфессияаралық келісімнің ордасы ретінде танылып отыр. Бүгінде әлемде теңдесі жоқ аталмыш институт ел аумағындағы

ұлттық-мәдени орталықтар мен бірлестіктердің құрылуына ықпал етіп отыр. Аталмыш институт қоғамдық келісімнің кепілі, бірліктің діңгегі, достықтың дәнекері болып отыр. Тағдыр табыстырып, тарих тоғыстырған түрлі этнос өкілдері азаттықтың арайлы танында ортақ Отанымыздың іргесін бірге қаласып жатыр. Қазақстанды тегі басқа болғанымыз, теңдігі бір, қаны бөлек болғанымыз, жаны бір ұлттар мен ұлыстар мекен етіп отыр. Олар көк Тудың астында бірігіп, туған жердің абыройын асқақтатқысы келеді. Мәңгілік халық, мәңгілік елорда және мәңгілік мемлекет болуды мұрат тұтады.

Бірлік пен келісім ел дамуының бастауы болды. Киелі қазақ жерінің көркеюі, бейбітшілік пен келісім – біздің басты байлығымыз. Біз де барлық отандастарымыз секілді күнделікті адал еңбегімізбен туған ауылымызды көркейте жолында аянбай еңбек етіп келеміз. Ауылымыздың аты жақсы деп аталса төбеміз көкке жеткендей қуанамыз. «Ітің жаман екен» десе өкпелейтін халықпыз. Сондықтан, туған жеріміздің сұлу, көркем, ең бастысы, таза болғандығын, ондағы тұрғындардың бір-бірімен тату-тәтті өмір сүруін қалаймыз.

Күрделі міндеттерді шешудің негізі бірлікте екендігін жадымыздан еш шығармай, достық пен келісім арқылы ғана Қазақстанды биік белестерді бағындыратын есенлі мемлекетке айналдыра аламыз. Бірлік пен келісім – Қазақстан дамуының негізі. Егер осы қасиеттер бойымызда болмаса, әрқайсысымыз өз білгенімізше сан-саққа, жан-жаққа тартар болсақ, онда тұрақтылық та, бейбітшілік те, достық та болмайды. Әр адам туған жеріне тағзым етіп, оның өркендеуіне үлес қосқанда, қасындағы көршісіне қолғабыс көрсеткенде, бір-біріне бауырмалдық танытқанда ғана бірлігі жарасқан, келісімі келіскен ғажайып елге айналамыз. Біз сол жолда келе жатқандармыз. Дамудың төте жолы – бірлік пен келісімде.

Ә.Әбіл

ауданның ішкі саясат бөлімінің маманы.



**FinGramota**  
Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру

## Алаяқтардың жаңа арбауы: СЕНІП, САН СОҒЫП ҚАЛМАҢЫЗДАР!

Қаржы алаяқтарының схемалары күннен күнге түрленіп, көп жағдайда оларды бірден ажыратып, тануға мүмкін болмай жатады.

Fingramota.kz-пен бірлесіп олардың кейбіреулерін қарастырайық.

**№1 схема. Тіл үйрететін жазалған курстар.**

Қаржы пирамидалары мессенджерлер мен әлеуметтік желілер арқылы барынша қарбанып, тіл үйрету курстарына шақырулар жіберуде. Шет тілдеріне оқытудан басқа олар клиенттерге әріптестік бағдарламалар ұсынады, ондағы басты талап – компанияның өнімін жеке пайдалану немесе сату мақсатымен сатып алу. Алайда, ол үшін алдымен белгілі бір қызметтер топтамасына N сомада ақша салу қажет. Сату және жаңа адамдарды тарту нәтижелері бойынша ең белсенді қатысушыларға банк салымдары бойынша кірістіліктен асатын жоғары сыйлықақы немесе автомобильге кепілдік беріледі-мыс.

Әдетте, қаржы пирамидалары бүркеленетін мұндай схемалардан басқа, өтірікті анықтайтын детекторсыз-ақ, олардың алаяқтық әрекеттерін бірден ажыратуға мүмкіндік беретін негізгі белгілері болады:

- міндетті кіру жарнасы;
- жоғары кірістілік, жеңіл және жылдам табыс;
- интернетте, әлеуметтік желілерде, соның ішінде WhatsApp, Telegram арқылы жарнамалық кампания арқылы жаңа қатысушыларды белсенді тарту;
- басқа қатысушыларды тартқаны үшін сыйақы туралы үде беру;
- компанияның қаржылық жай-күйі туралы нақты ақпараттың болмауы;
- қызметін жүзеге асыруға лицензиясының болмауы.

Кенес: Тәуекелдерді айналып өтудің жалғыз жолы – күмәнді компаниялардың мұндай ұсыныстарын мүлдем елемеу. Ақшаңыздан айырылмас бұрын, осы компания туралы, оның қанша уақыт жұмыс істегені, өз қызметін жүзеге асыруға тиісті лицензиясының бар-жоғы туралы ақпарат жинаңыз. Егер наразы немесе қарсы пікірлер көп болса, онда бұл сізді кезекті қаржы пирамидасына тартып жатыр ма деген күдіктенуге себеп болады.

Өртүрлі жоғары кірісті жобаларға қатысты

кез келген ақпаратты әрдайым сыни тұрғыдан бағаланыңыз, әсіресе, егер сізге жоғары пайыздар, кейде күнделікті кірістер, сондай-ақ сіз тартқан әрбір адам үшін бонустар үде етілсе, бұл қаржы пирамидасының айқын белгісі.

**№2 схема. IPO тақырыбы бойынша жазалған жарнама.**

«Сәлеметсіз бе, мен алаяқтарға тап болдым. ҚазМұнайГаздың жарнамасын көріп, маған инвестиция салуды ұсынған сілтеме бойынша өттім. Мен салған жалпы сома 5 500 000 теңгені құрады. Енді оларды таба алмаймын. Мен не істеуім керек?» - мұндай өтініш ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне «Fingramota Online» мобильдік қосымшасы арқылы келіп түсті.

Бүгінгі таңда интернетте, оның ішінде әлеуметтік желілерде, сондай-ақ YouTube бейнехостингінде инвестициялық жобалардың алаяқтық жарнамасы белсенді түрде насихатталуда, олардың құрушылары азаматтарды елдің ірі компанияларының IPO-сына қатысуға шақырады.

Жарнамалар мен бейнероликтер: «Мемлекеттік бағдарлама бойынша елдің ұлттық байлығын төлемдер алу мүмкіндігін пайдаланыңыз!», «Деру төлемдер алыңыз, сілтеме бойынша тіркеліңіз!» - деп мұдалап тұр. Бүгін соңғы күн, сілтеме бойынша шұғыл тіркелу керек-мыс.

Олардың жарнамаларына барынша көп адам сенуі үшін қаскүнемдер танымал тұлғалардың, оның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің, елдің ұлттық компаниялары мен қаржы ұйымдары басшыларының, қоғамдық пікір басшыларының есімдерін, суретін, бейнежазбасын пайдаланады. Қылмыскерлер түпнұсқа аудио хабарды ауыстыра отырып, жалпыға қолжетімді бейнероликтерден алынған бейнежазбаларды пайдаланады.

Сенгіш азаматтар оған жеке мәліметтерін: e-mail және ұялы телефон нөмірін қалдырғаннан кейін, біраз уақыттан өткен соң алаяқтар оларға қонырау шалып, әлеуметтік инженерия әдістерін қолдана отырып, олардың басын қатыра бастайды. Олардың мақсаты азаматтардың толық банктік деректемелерін алу болып табылады, содан кейін алаяқтар олардың шоттарынан ақша шығарып және

олардың атынан сырттай кредит ресімдей алады.

Мысалы, алаяқтық платформалардың бірінде «елдің табиғи ресурстарын сатудан дивидендтер» алу үшін адамдар бейнежазбаның астындағы тікелей сілтеме бойынша өтіп, өздерінің банк картасының деректерін енгізіп, апта сайын 150 мың теңге алу үшін 65 мың теңге салуы қажет. Шындығына келгенде салынған қаражатты қайтару туралы айтпағанда, ешқандай пайыздық төлем болмайды: адамдар тақырға отырады, ал «инвестициялық компанияның» өкілдері барлық байланыс арналарын өшіріп, ғайып болады.

Кенес: Алаяқтардың арбауына бой алдырмаңыз және сізге түсініксіз сілтемелерге өту немесе бейтаныс адамдарға, соның ішінде әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы ақша аудару ұсынылған кезде өте мұқият әрі сақ болыңыз.

Әрдайым барлық ақпаратты екі рет тексеруді әдетке айналдырыңыз, тек компаниялардың ресми сайттарына және әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарға кіріңіз. Күмән туындаған жағдайда, әрқашан ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне консультация алу үшін:

- «1459» нөмірі бойынша Call-орталыққа;
- [www.fingramota.kz](http://www.fingramota.kz) сайтындағы «Онлайн-консультант» сервисіне;
- App Store және Play Market арқылы жүктеуге болатын «FIMGRAMOTA ONLINE» мобильдік қосымшасы арқылы жүгіне аласыз.

Мобильдік қосымшаның веб-нұсқасы да қолжетімді.

**№3 схема. Коммуналдық төлемдер немесе салық төлеу бойынша жазалған түбіртек**

Бұл схема қалай жұмыс істейді? Қаскүнемдер адамдарға банктің атын жамылып коммуналдық қызметтерге немесе салық берешегін төлеуге қойылған шотты төлеуге хабарлама жібереді. Адамдар білмегендіктен шотты автоматты түрде төлейді, ал ақша мақсатқа сай төленбей, алаяқтардың қалтасына түседі.

Бұл қармаққа қалай түсіп қалмауға болады және салық немесе коммуналдық қызметтің нақты түбіртегін жалғаннан қалай ажыратуға болады?

Біріншіден, бұл хабарламалар пошта арқылы

тапсырыс хатпен немесе салық төлеушінің жеке кабинетіне, сондай-ақ ресми мобильдік қосымша арқылы келеді.

Екіншіден, жалған түбіртекте мемлекеттік органның немесе коммуналдық қызметтердің ресми қағазында ешқашан кездеспейтін «Сатушы» сөзі бар.

Үшіншіден, бұл түбіртектің сол жағында мемлекеттік орган не ұйымның логотипі, ал жалған түбіртекте – логотиптің орнында аты-жөнінің бірінші әріптері көрсетілген. Мемлекеттік органның атауына назар аударыңыз, ол осы уақыттағы атауына өте ұқсас келеді, мысалы, «ҚР салықтары АҚ», «KazTransGaz АҚ». Мемлекеттік ұйымның ресми интернет-ресурсындағы заңды атауымен салыстырыңыз.

Төртіншіден, бұл түбіртекте Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер басқармасы көрсетіледі: жылжымайтын мүліктің орналасқан жері және салық төлеушінің тұрғылықты жері бойынша көлік құралдары салығын төлеу кезінде, жалған түбіртекте мұндай болмайды;

Бесіншіден, әдетте мемлекеттік орган әрдайым салықтарды төлеудің белгіленген мерзімдерін ескереді. Мысалы, көлік құралдары салығы бойынша – 1 сәуірден кешіктірмей, мүлік салығы бойынша – 1 қазаннан кешіктірмей. Сондықтан, әрбір салық бойынша хабарламалар осы мерзімге дейін жіберіледі.

Кенес: Егер сіз күмән тудыратын түбіртек алатын болсаңыз, ешбір жағдайда шотты төлеуге асықпаңыз. Дұрысы, алдымен оны түпнұсқамен салыстыру қажет. Коммуналдық не салық қызметіне қонырау соғып, сізге шотты төлеу туралы хабарламаны солардың жібергенін нақтылап біліңіз.

Сондай-ақ, сіз мобильді банкінгтің тиісті бөлімін (мысалы, «Мемлекеттік қызметтер»), сонымен бірге Қазақстанның Мемлекеттік кірістер комитеті сайтының «Алдағы төлемдер» сервисі арқылы, «E-salyq Azamat» қосымшасынан немесе egov.kz порталынан алдағы салықтардың сомасын тексере аласыз.

**Сақ болыңыз, алаяқтарға алданып қалмаңыз және [www.fingramota.kz](http://www.fingramota.kz)-тен пайдалы ақпарат алыңыз!**



Президент тапсырмасын орындай отырып...

## 2022 жылдың ІІІ тоқсанында мемлекеттік сатып алулар бойынша атқарылған жұмыстар

2022 жылға аудан бойынша тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды сатып алуға мемлекеттік сатып алудың веб-порталына 7 млрд 400 млн 274 мың теңгеге жылдық жоспар орналастырылып, бүгінгі күнге 6 млрд 704 млн 308 мың теңгеге 1218 келісім-шартқа отырды. Қалыптасқан шартты үнем – 380 млн 465 мың теңге.

Оның ішінде:

Бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы 349 мемлекеттік сатып алу 246 млн 926 мың теңгеге жоспарланып, 225 млн 804 мың теңгеге 296 келісім-шартқа отырды (ІС бухгалтерия, құжат айналымы, ақпараттық есептеу орталығы, пошта, интернет, байланыс, коммуналдық және банк қызметтері, т.с.с.).

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілі арқылы 2009 мемлекеттік сатып алулар 515 млн 046 мың теңгеге жоспарланып, 409 млн 254 мың теңгеге 858 (лоттарға біріктірілген сатып алулар) келісім-шартқа отырды (өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алуларды қоса алғанда);

Тауар биржасы арқылы 7 мемлекеттік сатып алу (Ақтоғай, Абай, Тасарал экономика, мәдениет және тілдерді дамыту, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, ауыл шаруашылығы бөлімдеріне көмір сатып алу) 36 млн 729 мың теңгеге жоспарланып, 29 млн 330 мың теңгеге 6 келісім-шартқа отырды;

Әлеуметтік мемлекеттік тапсырыс 6 мемлекеттік сатып алу (ішкі саясат, жұмыспен қамту бөлімдері, жастар ресурстық орталығы, жұмыспен қамту орталығы) 16 млн 874 мың теңгеге жоспарланып, 14 млн 666 мың теңгеге 5 келісім-шартқа отырды;

Конкурстар бойынша (ашық және біліктілікті алдын ала анықтау тәсілдері арқылы) 60 мемлекеттік сатып алу 6 млрд 584 млн 699 мың теңгеге жоспарланып, 6 млрд 582 млн 940 мың теңгеге 58 конкурс жарияланып, 6 млрд 025 млн 254 мың теңгеге 53 келісім-шартқа отырды. Қалыптасқан шартты үнем – 380 млн 465 мың теңге. (Республикалық бірыңғай ұйымдастырушы арқылы 2 конкурс, облыстық бірыңғай ұйымдастырушы арқылы 12 конкурс, аудандық бірыңғай ұйымдастырушы арқылы 26 конкурс, ББӨ бойынша 18 конкурс).

– Республикалық бірыңғай ұйымдастырушы ("Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті" РММ) арқылы 2 конкурс 22 млн 325 мың теңгеге жарияланып, 22 млн 265 мың теңгеге 2 келісім-шартқа отырды, қалыптасқан шартты үнем – 60 мың теңге;

– Облыстық бірыңғай ұйымдастырушы («Қарағанды облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ) арқылы 12 конкурс 5 млрд 375 млн 378 мың теңгеге жарияланып, 5 млрд 081 млн 946 мың теңгеге 12 келісім-шартқа отырды, қалыптасқан шартты үнем – 293 млн 432 мың теңге;

– Аудандық бірыңғай ұйымдастырушы арқылы 26 конкурс 1 млрд 095 млн 487 мың теңгеге жарияланып, 870 млн 086 мың теңгеге 25 келісім-шартқа отырды, қалыптасқан шартты үнем – 77 млн 338 мың теңге;

– Бюджеттік бағдарлама өкімдері арқылы 18 конкурс 89 млн 750 мың теңгеге жарияланып, 67 млн 031 мың теңгеге 15 келісім-шартқа отырды, қалыптасқан шартты үнем – 9 млн 636 мың теңге.

Аудан көлемінде іске асырылған ірі жобалардың мемлекеттік сатып алуларына тоқталатын болсақ:

Құрылыс жұмыстары бойынша Ақтоғай ауылының солтүстік-батыс шағын ауданының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын салу (сумен жабдықтау, көріз, абаттандыру, қазандығы бар жылу желілері, телефондандыру) – 367 млн 707 мың теңгеге, Ақтоғай ауылында көріз желілерінің құрылысы – 2 млрд 548 млн 537 мың теңгеге, Шашубай кенті, Ж.Ақбергеліні көшесі, 9-үй 100 пәтерлі 5 қабатты тұрғын үйді қалпына келтіру – 680 млн 278 мың теңгеге, Ақтоғай ауылы, солтүстік-батыс шағын ауданында ИКИ (қосалқы станциясымен 35 кВ электр желісін, 16 көпкөптерлі және 30 бір бөлмелі жалдамалы тұрғын үйлерге 10 және 0,4 кВ электр желісін) салу жұмысы – 572 млн 662 мың теңгеге, Қарамеңде би ауылдық округі, Қуаныш ауылына су желісінің құрылысы – 431 млн 323 мың теңгеге, Жидебай ауылдық округі,

Үшарал ауылына су желісінің құрылысы – 293 млн 781 мың теңгеге, Сарышаған кенті, 3 шағын ауданы мекенжайында орналасқан №4 тұрғын үйді қалпына келтіру 210 млн 349 мың теңге жарияланып, келісім-шарттарға отырды.

Күрделі жөндеу жұмыстары бойынша Құсақ ауылдық округі, Қошқар ауылы клуб үйі ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу 38 млн 694 мың теңгеге жарияланып, жеңімпазбен келісім-шартқа отырды.

Орташа, ағымдағы жөндеу жұмыстары бойынша Шашубай кенті, Ж.Ақбергеліні көшесіндегі кентішілік автомобиль жолын орташа жөндеу – 72 млн 245 мың теңгеге, Шашубай кентіндегі Абай Құнанбаев №35 және Шашубай Қошқарбайұлы №12 көпқабатты үйлердің қасбеттері мен төбесін ағымдағы жөндеу жұмыстары – 18 млн 670 мың теңгеге, «Сарышаған кентінің көпқабатты тұрғын үйлерін абаттандыру және ағымдағы жөндеу» жұмысы – 48 млн 991 мың теңгеге, Шашубай кентіндегі көпқабатты тұрғын үйлерді ағымдағы жөндеу жұмыстары – 3 млн 150 мың теңгеге, Шашубай кентінің әкімдік ғимаратының санитарлық үй-жайларын ағымдағы жөндеу – 4 млн 759 мың теңгеге, Шашубай кентіндегі көпеш жарығын ағымдағы жөндеу – 4 млн 950 мың теңгеге, Шашубай кентінің әкімдік ғимаратының шатырын ағымдағы жөндеу – 11 млн 033 мың теңге, Қарамеңде би ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратының сыртын жөндеу – 2 млн 992 мың теңгеге, Тораңғалық ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратын жөндеу – 3 млн 733 мың теңгеге, Шабанбай би ауылдық округі әкімдігінің ғимаратын ағымдағы жөндеу – 14 млн 998 мың теңгеге, ауыл шаруашылығы бөлімі мекемесінің ғимаратының терезелерін ауыстыру жұмысы 5 млн 133 мың теңгеге, Сарышаған кенті әкімі аппараты ғимаратының ішкі ағымдағы жөндеу жұмыстары – 5 млн 738 мың теңгеге, Сарышаған кентінің көшесіндегі грейдерлік жолды ағымдағы жөндеу жұмыстары 12 млн 933 мың теңгеге, Сарышаған кенті, Абай көшесіндегі №20 көпкөптерлі тұрғын үйдің шатырын ағымдағы жөндеу 7 млн 705 мың теңгеге жарияланып, жеңімпаздармен келісім-шартқа отырды.

Абаттандыру жұмыстары бойынша Шашубай кентінің (Сейфуллин, Құнанбай, Ақбергеліні) көпкөптерлі тұрғын үйінің аула аумағын абаттандыру бойынша жұмыс – 123 млн 474 мың теңгеге, Ақтоғай ауылындағы көпқабатты тұрғын үйлердің аумағын абаттандыру бойынша жұмыстар – 54 млн 917 мың теңгеге, Ақтоғай ауылының жарықтандыру объектілері мен жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары – 12 млн 443 мың теңгеге, Ақтоғай ауылындағы Нарманбет көшесінен бастап Сана би көшесінің қиылысына дейін көпеш шамдарын орнатуға 5 млн 064 мың теңгеге, Ақтоғай ауылының "Домбыра" композициясы сатысының гранитті плиталарын ауыстыру және жасанды көгал орнату жұмысы 3 млн 631 мың теңгеге, Сарышаған кентінде көпқабатты үйлердің аулаларын абаттандыруға 48 млн 991 мың теңгеге, Сарышаған кентінің Теміржол көшесіндегі саябаққа қоршаулар мен жазғы суару құбырларын орнату 10 млн 028 мың теңгеге, Сарышаған кентінің хоккей кортына көрермендерге арналған трибуна орнату 4 млн 266 мың теңгеге, Сарышаған кентіндегі 3 ықшам ауданы №6, 8, 9, 10, 12 үйлеріне күнқағарлар мен шатырына арналған суағарлар орнату 14 млн 309 мың теңгеге, Сарышаған кентінің Төуелсіздік көшесіне 57 опора орнату 14 млн 477 мың теңгеге, Сарышаған кентіне жол белгілері мен жасанды жол бөгеттерін орнату 5 млн 424 мың теңгеге, Сарышаған кентінің Ынтымақ көшесінде көпеш жарықтандыру тіректерін орнату жұмыстары – 15 млн 398 мың теңгеге, Сарышаған кентіне бейнебақылау камераларын орнату жұмыстары – 10 млн 500 мың теңгеге, Шашубай кентіне көпеш шамдарын орнату 4 млн 950 мың теңгеге, Шашубай кентінің Сейфуллин көшесі №1, №2 үйлерінің шатырын ағымдағы жөндеу - 12 млн 623 мың теңгеге, Шашубай кентіне балалар ойын алаңын орнату - 19 млн 643 мың теңгеге, Кежек ауылының Нұра көшесіне 20 дана көпеш шамдарын және КТП орнату 9 млн 522 мың теңгеге, Тораңғалық ауылдық округі, Спорт көшесіндегі спорт және балалар ойын алаңының

айналасына тас төсеу – 2 млн 598 мың теңгеге, Сөуле, Үшарал ауылдарына көпеш жарықтарын және КТП орнату жұмыстарына 18 млн 064 мың теңгеге, Абай ауылына көпеш шамдарын орнату жұмысы 10 млн 268 мың теңгеге, Нүркен ауылындағы саябаққа қоршаулар орнату 13 млн 829 мың теңгеге, Нүркен ауылындағы көпешлерге жарық диодты шамдарды ауыстыру және орнату жұмыстары 3 млн 077 мың теңгеге, Айыртас ауылына спорт алаңына орнату 7 млн 820 мың теңгеге, Ақтоғай ауылына көпфункционалдық корт орнату 25 млн 816 мың теңгеге жарияланып, жеңімпаздармен келісім-шартқа отырды. Жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу жұмыстары бойынша Сарышаған кенті 3 шағын ауданындағы №4 авариялық тұрғын үйді қалпына келтіру үшін жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу бойынша жұмыстар – 7 млн 143 мың теңгеге, Ақтоғай ауданы өкімдігі ғимаратының шатырын күрделі жөндеуге жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу - 1 млн 100 мың теңгеге жарияланып, жеңімпаздармен келісім-шартқа отырды. «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы бойынша Шашубай және Сарышаған кенттеріндегі кентішілік автомобиль жолдарын орташа жөндеу жұмыстары 287 млн 645 мың теңгеге жарияланып, жеңімпаздармен келісім-шартқа отырды.

Сонымен қатар, бірқатар басқа да аудандық маңыздағы жолдарды күтіп ұстау, құрылыс және күрделі жөндеу жұмыстарының техникалық қадағалау қызметтері, күзет қызметтері, компьютер, ноутбук сатып алу, дыбыс жазу студиясы жиынтығымен сатып алу, ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу жұмыстары (Сарышаған, Ақжайдақ, Қарасу ауылдарының су желілерінің, Кежек, Жалаңаш ауылдарының мал молалары, Ақтоғай ауылына бассейн салу) бойынша конкурстық рәсімдер жүргізіліп, жеңімпаздармен келісім-шартқа отырды.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңдылықтар бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу жалғасын тауып келеді. Жыл басынан бері Қарағанды облысының ішкі мемлекеттік аудит департаменті мамандарының бірлескен 2022 жылы мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелері бойынша 27 қаңтарда, 4 ақпанда, 30 қыркүйекте бейнеконференция режимінде семинар-кеңес өткізді. Семинар-кеңестің материалдары (хаттамалар, аудио жазбалар) ауданның барлық бюджеттік бағдарлама өкімдерлеріне таратылды. Бөлімнің ұйымдастыруымен мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелері бойынша 11 наурызда, 15 маусымда бейнеконференция режимінде семинар-кеңес, 28 шілдеде бөлімнің инстаграм парақшасы арқылы тікелей эфир өткізілді.

26 сәуірде аудан орталығында «Астана Эрудит» ЖШС оқыту орталығының мамандарының ұйымдастыруымен «2022 жылы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алулар» тақырыбында семинар өткізді. Семинарға аудандағы бюджеттік бағдарлама өкімдерлері, ауыл, ауылдық округ өкімдері, мемлекеттік сатып алумен айналысатын барлығы 27 адам қатысты.

Мемлекеттік сатып алу заңдылықтарына және веб-порталына енгізілген өзгерістер туралы бөлім тарапынан барлық бюджеттік бағдарлама өкімдерлеріне хаттар жолданып, аудан өкімінің, экономика және қаржы бөлімінің ресми интернет ресурсында тоқсан сайын жарияланып отырылады. Сонымен қатар, «Aqtogai aяaғy» Ақтоғай аудандық газетіне жыл басынан бері аудандағы мемлекеттік сатып алу бойынша атқарылған жұмыстар жөнінде 3 рет мақалалар жарияланды. Бюджеттік бағдарлама өкімдерлерінің мамандары мен бухгалтерлері арасында іске қосылған әлеуметтік желі (ватсап) арқылы да түсіндірме жұмыстары үнемі жүргізілуде.

Барлық конкурстық рәсімдер уақытылы жарияланып, келісім-шартқа отыру қадағалануда. Бөлім бойынша сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмысындағы талаптарды бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 2-15-92 сәнім телефоны жұмыс жасайды.

«Ақтоғай ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ.



**ХАБАРЛАНДЫРУ**

«Балқаш жібек жолы» ЖШС блогының контуринда қиыршық-құм қоспасын өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына қоршаған ортаны қорғау бөлімі жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды L-43-43-(10г-56-5) (Солтүстік Бал-Дересин учаскесі), Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында, «рұқсат етілген нормативтер қалдықтарды басқару бағдарламасы (ПББ), өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ППЭК), табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары (ППМ).

Қоғамдық тыңдаулар 2022 жылғы 29 желтоқсанда сағат 11:00-де Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересин а.о., Орта Дересин а., Жәутіков к-сі, 20, өкімдік ғимараты мекен-жайы бойынша өтеді.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылуға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/77672503831?pwd=IV6lvuc30b3LUtUqQw9JW9XxtwzEc0W.1>

Конференция идентификаторы: 776 7250 3831

Кіру коды: ws01jv

Тапсырыс беруші: «Балқаш жібек жолы» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Амангелді көшесі, 29.

БСН: 030340004078.

Директоры: Түсіпбеков М.И.

Байланыс телефоны: 8-775-5319388, e-mail: KASYMBEKOV@MAIL.RU.

Өзірлеуші: «Экопроект 2017» ЖК, Қарағанды к., аудан Қазыбек би, Әубәкіров көшесі, 79.

ЖСН: 741016400109.

Өкілі: Зорина Т.Н.

Байланыс телефоны: 8(776) 526-31-31, e-mail: tanya\_ob80@mail.ru.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен сайтта танысуға болады [ecportal.kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru) және <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты 8 (776) 526-31-31, tanya\_ob80@mail.ru.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мына мекен-жайлар бойынша қабылдайды: [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru) Қарағанды к., Лобода к-сі, 20.

**ОБЪЯВЛЕНИЕ**

ТОО «Балқаш жібек жолы» объявляет о проведении общественных слушаний по Проекту Раздел охраны окружающей среды к плану горных работ по добыче гравийно-песчаной смеси в контуре блока L-43-43-(10г-56-5) (участок Бала-Дересин Северный), в Актогайском районе Карагандинской области, «Нормативы допустимых выбросов (НДВ), Программа управления отходами (ПУО), Программа производственного экологического контроля (ППЭК), План природоохранных мероприятий (ППМ).

Общественные слушания состоятся: 29 декабря 2022 года в 11:00, по адресу: Карагандинская область, Актогайский район, Ортадересинский с.о., с.Орта Дересин, ул.Жаутикова 20, здание Акимата.

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: <https://us04web.zoom.us/j/77672503831?pwd=IV6lvuc30b3LUtUqQw9JW9XxtwzEc0W.1>

Идентификатор конференции: 776 7250 3831

Код доступа: ws01jv

Заказчик: ТОО «Балқаш жібек жолы», Республика Казахстан, Карагандинская область, г.Балқаш, ул Амангелды, 29.

БИН: 030340004078.

Директор: Тусупбеков М.И.

Контакты: тел: 8-775-5319388, e-mail: KASYMBEKOV@MAIL.RU.

Разработчик: ИП «Экопроект 2017», г. Караганда, район им. Казыбек би, ул Аубакирова, 79.

ИИН: 741016400109.

Представитель: Обжорина Т.Н.

Контакты: тел: 8(776) 526-31-31, e-mail: tanya\_ob80@mail.ru.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте [ecportal.kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru) и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>.

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел: 8 (776) 526-31-31, tanya\_ob80@mail.ru.

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» по адресам: [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru) и г. Караганда, ул Лободы, 20.

**АБ**

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

«Atlas Gold» ЖШС «Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы Орталық Ақтоғай учаскесі үшін «Atlas Gold» ЖШС Жол берілетін шығарындылардың нормативтері (ЖБШН), Қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭББ), Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары (ТҚДЖ)» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар өтеді: 2022 жылғы 27 желтоқсанда сағат 15:00-де мекен-жайы бойынша: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай а.о., Ақтоғай а., Ә.Бөкейхан к., 4 (Өкімдік ғимараты).

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/9307278401?pwd=eVFBdVM3aVNZVTZQdHU2M2tiTVR6QT09>.

Конференция идентификаторы: 930 727 8401.

Пароль: iX4Wgb.

Тапсырыс беруші: «Atlas Gold» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Астана к., Алматы ауданы, Байтұрсынов көш., 5 үй, 924 пәтер.

БСН 200640028022.

Директоры: Кұлбаев Қ.А.

Байланыстар: тел: 8 (707) 242-46-15, 8 (701) 944-98-08, e-mail: 2415882@mail.ru.

Өзірлеуші: «Сарыарқа экология» ЖШС, Қарағанды к., Қазыбек би атындағы ауданы, Әлиханов көшесі, 14Б.

БСН 150640024474

Өкілі: Обжорина Т.Н.

Байланыстар: тел: 8(776) 526-31-31, e-mail: tanya\_ob80@mail.ru.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен [ecportal.kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru) және <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> сайттарда танысуға болады.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты 8 (776) 526-31-31 телефоны арқылы сұратуға болады, tanya\_ob80@mail.ru.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ келесі мекен-жайлар бойынша қабылдайды: [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru) және Қарағанды к., Лобода к., 20.

**ОБЪЯВЛЕНИЕ**

ТОО «Atlas Gold» объявляет о проведении общественных слушаний по Проекту «Нормативы допустимых выбросов (НДВ) ТОО «Atlas Gold» для участка Центральный Актогай в Актогайском районе Карагандинской области, Программа управления отходами (ПУО), Программа производственного экологического контроля (ППЭК), План природоохранных мероприятий (ППМ)».

Общественные слушания состоятся: 27 декабря 2022 года в 15:00, по адресу: Карагандинская область, Актогайский район, Актогайский с.о., с. Актогай, ул. А.Бөкейхана, 4 (здание Акимата).

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: <https://us05web.zoom.us/j/9307278401?pwd=eVFBdVM3aVNZVTZQdHU2M2tiTVR6QT09>.

Идентификатор конференции: 930 727 8401.

Пароль: iX4Wgb.

Заказчик: ТОО «Atlas Gold», Республика Казахстан, г. Астана, район Алматы, ул Байтұрсынова, д. 5, кв. 924.

БИН 200640028022.

Директор: Кульбаев К.А.

Контакты: тел: 8 (707) 242-46-15, 8 (701) 944-98-08, e-mail: 2415882@mail.ru.

Разработчик: ТОО «Сарыарқа экология», г. Караганда, район им. Казыбек би, улица Алиханова, 14Б.

БИН 150640024474.

Представитель: Обжорина Т.Н.

Контакты: тел: 8(776) 526-31-31, e-mail: tanya\_ob80@mail.ru.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте [ecportal.kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru) и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>.

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел: 8 (776) 526-31-31, tanya\_ob80@mail.ru.

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» по адресам: [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru) и г. Караганда, ул Лободы, 20.

**АБ**

06 шілде 2022 жылы Дюсебеков Танат Билялұлы қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады. Тел: 8-705-832-83-06.

26 мамыр 2022 жылы Каримова Жанат қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады. Тел: 8-705-832-83-06.

**АБ**

**Еске алу**

Ақтоғай ауылының тұрғыны болған, балаларының қамқоршы анасы, отбасының алтын тірегі бола білген ардақты анамыз **Қуанышбаева Назкен Тауыпқызы** ортамызда болғанда 16 қарашада 60 жасқа толар еді... Сұм ажал анамызды ортамыздан алып кеткеніне – 6 жыл Анамызды сағына еске ала отырып,



топырағыңыз торқа, жаныңыз жәннатта нұрлансын деп Алладан тілтейміз.

Өзің жайлы айта алмаймыз тауысып,  
Ел айтады, жұрт айтады жарысып.  
Көпшіліктен алған алғыс, сауабын,  
Жатқан шығар рухыңмен қауышып.  
Жүруші едің ортамызды мәнді қып,  
Жадымызда ісің қалды жаңғырып.  
Жүрегінде ағайын мен туыстың,  
Асыл бейнең сақталады мәңгілік!

**Сағына еске алушылар: балалары – Перизат-Мейірбек, Ақмарал-Дәурен, Жарқын, Серікболсын, жиендері – Аяулым, Сабина, Айсара.**

**Еске алу**



Опасыз жалған дүние-ай десенші. Аңқылдаған қылығымен, жарқылдаған мінезімен жанымызды жаулап, бойымызды баурап алған бұрынғы өріптесіміз **Қуанышбаева Назикүл Тауыпқызы** тірі болғанда, бүгін 60 жасқа келер еді. Назикүл кісіде жоқ көпшіл мінезі, жанда жоқ биязы болмысы арқылы ортамызда сыйлы болған еді.

«Орнында бар оналар» деп соңынан ерген балаларының амандығын тілеп, балаларына әкесінің жоқтығын білдірмей, бар мейірімін төге білген ардақты ана, немерелеріне аяулы өже болды.

Назикүліміздің артынан дұға бағыштағаннан басқа бізде дәрмен жоқ. Өріптестерің өзінді сағынышпен еске алып, жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын деп Алладан медет тілтейміз.

**Еске алушылар: Ақтоғай ауданының экономика және қаржы бөлімінің ұжымы.**

**Еске алу**



Ақтоғайдың тумасы, сыйлас жолдасымыз, көпшіл аккөңіл **Қуанышбаева Назикүл** егер тірі болса, 60 жасқа толар еді. Бүгінде Назкенімізді сағынышпен еске алып, арамьздан мезгілсіз кетсе де көңіл төрімізде. Сыйласып, тонның ішкі бауындай араласып жүрген аяулы жаннан айырылып қалғанымыз өкінішті.

Өмірде жан-жағына шуағын шашып, жүрегі мейірім мен нұрға толған досымызды кимастықпен еске аламыз. Бүгінде тағдырдың жазуына бағынып, қол жайып, әруағына дұға бағыштадық.

Назкеніміздің жасамаған жасын ұрпақтарына нәсіп етсін. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

Жанарға мұн, санаға сұрақ тұнып,  
Бұл өмірде жоқ екен тұрақтылық.

Топырағың торқа болсын, аяулы жаң,  
Мекенінді бұйыртысын жұмақ қылып.

**Еске алушылар: жолдастары – Болат-Света, Серік-Бибігүл, Қайрат-Бақыт, Талғат-Гуля.**

К.Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық) КММ ұжымы осы мектептің мұғалімдері Түсіпханов Кенжехан мен Қабыхан Аңсағанға ағалары Түсіпханұлы Әбілханның қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.





Балалар  
жылы  
2022

## Өнерге қанат қаққан

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдаған кезекті бір Жолдауында: «Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз» – деп 2022 жылды іс жүзінде Балаларды қорғау жылы ретінде өткізіп, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру сынды салаларда ел болашақтарына жете мән берілуі тиіс екенін баса айтты. Сондай-ақ, биылғы жыл «Балалар жылы» деп жарияланғаны баршаға мәлім. Соған орай ел көлемінде түрлі деңгейде балалар арасында шығармашылық байқаулар ұйымдастырылып, игі бастамалар қолға алынуда. «Балалар жылы» аясында аудандық, облыстық, қала берді республикалық деңгейде оқушылар арасында



өткізіліп жатқан өнер, білім бөйгесіне Қ.Нұржанов атындағы тірек мектебінің шәкірттері қатысып, жақсы нәтиже көрсетуде. Соның бірі – аталмыш мектептің 7-сынып оқушысы Төлугтай Аянат Талғатқызы.

Жас өңші өнер жолын аудандық «Өнер» мектебінің вокал сыныбына қатысудан бастаған. Жетекшісі, музыка пәнінің ұстазы Садуова Махаббаттың арқасында өңшілік өнердің қыр-сырына қанығып келеді. Жас өнерпаз Аянат аудандық, облыстық өн-байқауларына қатысып, жүлделі І орын, бас жүлделерді алып жүр. Оған мына түрлі дәрежедегі дипломдарды келтіруге болады.

«Балалар жылы» аясында аудандық 8-14 жас аралығындағы «Балдәурен» байқауында эстрадалық вокал номинациясы бойынша І дәрежелі дипломмен марапатталса, «Жемші дауысы-2022» өн байқауында ІІ дәрежелі диплом иеленді. «Біз – Отанның гүліміз» аудандық байқауында ІІ дәрежелі диплом және республикалық «Дәстүрлі Интернет олимпиада» сайысының жеңімпазы болып танылды.

Сонымен қатар, Республика күніне арналған облыстық «Қыран елім – Қазақстаным» атты мектеп оқушылары арасында өткен патриоттық өндер байқауының 13-17 жас аралығы бойынша бас жүлде иегері атанып, 30 000 теңгелік сертификатқа қол жеткізді.

Өнер өлкесіне қанат қаққан жас өнерпаз Аянаттың өлі де болса талай биіктерден көрінетініне сенім арта отырып, өн өнеріне деп сермеген балапан қанатың ешқашанда талмасын деп тілейміз.

Г.Сейтқалиева,

«Қазбек Нұржанов атындағы тірек мектебі (РО)» КММ директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

## Құттықтаймыз!



Құрметті әріптестеріміз  
Жақыпбеков Ескелмес  
Абдрасинов,  
Қалияқпарова Шолпан  
Мырзаханқызы,  
Смбекова Рымгүл  
Екпінқызы, Төлугаев  
Мәдениет, Әбіжанов  
Амантай, Әмірханова  
Камшат Қазкенқызы!

Сіздерді адам өмірінің айтулы бір белесі – еңбектеріңіз елде, құрметті демалысқа шыққан қуанышты күндеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздер ауданымыздың медицина саласының өсіп-өркендеуіне бір кісідей атсалысып, көп жылдар бойы осы салада аянбай тер төктіңіздер. Енді осы жасқа дейінгі ерен еңбектеріңіздің, бейнеттеріңіздің зейнетін көрер де кез келді. Біз сіздерді қадірлі әріптес, еңбегімен ел құрметіне бөленіп жүрген ардагерлер ретінде әрқашан қадір тұтып, төлімі көп игі істеріңізді үлгі-өнеге етеміз. Осы қуанышты күні сіздерге қызығы мен берекесі мол ұзақ өмір, зор денсаулық, отбастарыңызға амандық тілейміз. Жастарыңызға жас қосылып, талай жылғы еңбектеріңіздің жемісін көріп, әрдайым сыйлы ортада мәртебелеріңіз биіктей берсін дей отырып, төмендегі өлең жолдарын арнаймыз.

Бүгінгі тойларыңыз құтты болсын,  
Отбасына бақыт пен ырыс қонсын.  
Шаңырақтарыңыз шаттықтың мекені боп,  
Әрқашан той-думанға орта толсын!

**Игі тілекпен: Ақтоғай аудандық орталық аурухананың кәсіподақ ұйымы.**



Құрметті Саят  
Башанақұлы, асқарлы 60  
жастың асуына шығуыңмен  
құттықтаймыз!

Саған алпыстың асуынан асып, жетпіске аяқ басқан шағында көзіңнен от кетпесін, жүрегіннен жылу кетпесін дей отырып, жарқын да мағыналы өмір, көтеріңкі көңіл, деніңнің саулығын, отбасының амандығын, қызыққа толы ғұмыр кешуіне және туған-туыс, дос-жаранның ризашылығына бөленіп, абыройың асқақтай берсін деп тілейміз.

**Тілек білдіруші: Сәуләбай-Гүлнар, Асхат-Айсұлу, Махат-Күләш, Рымкүл, Аймаң, Саркыт, Бейбіт-Бақытгүл, Манай-Зәмзагүл, Зәйкүл**

Құрметті құдамыз Саят  
Башанақұлы!

Сізді келіп жеткен 60 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге шын көңілімізбен зор денсаулық, қажымас қайрат, жемісті еңбек тілейміз. Шаңырағыңызда шаттық пен қуаныш көп болсын, бала-шаға, немерелеріңіздің қызығына тоймай, өмірдің биік шыңдарынан сүрінбей өте беріңіз.

Асыл тілек айтылады ақ ниетпен,  
Бақытты күн көрінсін көзжіектен.  
Қуаныш тойға ұлассын дей отырып,  
Құттықтаймыз біз сізді шын жүректен!  
Ізгі ниетпен: құдағыңыз – Гүлдана, күйеубаласы – Бекайдар-Гүлзат, жиендері – Сұлтан, Сара, Исмайл



Құрметті құдамыз Саят  
Башанақұлы!

Сізді өмірдегі айтулы күнің бірі – 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Мықты денсаулық, отбасыңызға амандық, қажымас қайрат, жемісті еңбек, берекелі де мерекелі ұзақ ғұмыр тілейміз. Құдағи екеуіңіз бала-шағаларыңыз бен немерелеріңіздің қызық-қуаныштарына кезеліп, ағайын-туыс, дос-жаран ортасында жарқын жүздеріңізді мұн шалмай, аман-есен әдемі картаюға Алла нәсіп етсін!

Шаттық сыйлап арайлы тандарыңыз,  
Қызыққа тола берсін жан-жағыңыз.  
Ұлағатты ұрпақтан қызық көріп,  
Орындалсын бүгінгі арманыңыз!

**Тілек білдіруші: құда-құдағыңыз – Наурызбай-Алмагүл және балалары.**

Отбасымыздың сүйеніші,  
қадірлі жар, немерелеріңіз  
аяулы әжесі, сүйікті  
анамыз Сәденова Ардақ  
Аманкелдіқызын 50 жасқа  
толған мерейтойымен шын  
жүректен құттықтаймыз!

Өмір атты айдында айтулы белесті бағындырып отырған мерейтой иесіне ұзақ та баянды ғұмыр, қажымас қайрат, жемісті еңбек тілейміз. Алла сізге ең алдымен мықты денсаулық берсін. Қосағыңызбен қоса ағарып, бала-шағаңыздың қызығын көре беруіңізге тілектеспіз. Әр уақытта ақжарқын адал көңілмен, бауырмалдық қасиетіңізбен туған-туыс, дос-жаранның арасында абырой-құрметке бөленіп жүре беріңіз. Әрбір күніңіз қуаныш пен қызыққа толы болып, асқақ армандарыңыз орындалсын!

Құтты болсын 50-ге келген жасыңыз,  
Қуаныштың кемеріңнен тасыңыз.  
Әрқашанда мықты болып денсаулық,  
Қажымастан жүзден әрі асыңыз!

**Ақ тілекпен: жолдасы – Асхат, балалары – Серікбол-Назерке, Айжан-Дәурен, Мейрам-Аягөз, Аида, Гүлсая, Әлихан және немерелері.**



## Құрметті оқырман!

«Ақтоғай ажары»  
газетін сайттан да  
оқыңыз!

<https://aqtogaiajary.kz/>

[www.facebook.com/a.ajary.kz](http://www.facebook.com/a.ajary.kz)  
[aqtogai\\_ajary](https://www.instagram.com/aqtogai_ajary)

**FACEBOOK, INSTAGRAM  
ПАРАҚШАЛАРЫМЫЗҒА  
ТІРКЕЛУДІ ҰМЫТПАҢЫЗДАР!**

**Жаңалықтан құр қалмаңыз!**



Құрылтайшы: **ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА**

Редактор: **Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті  
редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан  
Республикасы ақпарат және даму Министрлігі  
2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы: **Думан Қабыл**

Кезекші редактор: **Еркебұлан Айтжан**

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі  
газеттің көзқарасын білдірмейді.  
Таралымы 1020 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай

ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81,  
тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта [aktogai\\_red@mail.ru](mailto:aktogai_red@mail.ru)

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.